

«МҰРЫН ЖЫРАУ СЕҢГІРБЕКҰЛЫ АТЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ ГУМАНИТАРЛЫҚ  
КОЛЛЕДЖІ» МКҚМ



**КОЗЫБАКОВА АЛТЫН ПАНЗАБЕКОВНА**– физика, математика пәндерінің оқытушысы

**Пәні:** Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі

**Топ:** МБ-16-1

<b>Сабақ тақырыбы</b>	Мұғалімнің сабаққа дайындығы және жұмыс жоспары	
<b>Сабақтың түрі</b>	Жаңа сабақты игеру	
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді жоспар құрастыра білу, студенттерді келешекте мектепке дайындау	
<b>Сабақтың мақсаты</b>	<p><b>Барлық студенттер:</b>Қысқа мерзімді жоспарды жасай алады</p> <p><b>Көптеген студенттер:</b>Қысқа мерзімді жоспар жасауда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануды біледі.</p> <p><b>Кейбір студенттер:</b>Қысқа мерзімді жоспарды жоспарлауда жан-жақты айта алады және көрсете біледі.</p>	
<b>Бағалау критерийлері/ күтілетін нәтижелер</b>	Қысқа мерзімді жоспар жасауда ҰМЖ, ОМЖ мән беріп, мақсатын нақты қоя біледі	
<b>Тілдік мақсаттар</b>	<p>Тілдік мақсаттар мен міндеттер</p> <p><b>Пәнге қатысты лексика мен терминология</b></p> <p>Оқу бағдарламасы жоспар, Орта мерзімді жоспар, Қысқа мерзімді жоспар</p> <p><b>Диалогқа\ жазылымға арналған тіркестер:</b></p> <p>SMART мақсат, 7 модуль, ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ</p>	
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	Студенттердің жауапкершілігін арттыру, бір – біріне деген сыйластыққа және топпен жұмыстануға үйрету	
<b>Пәнаралық байланыстар</b>	Өзін-өзі тану пәні	
<b>АКТ қолдану дағдылары</b>	Презентация, үлестірме қағаздары, түрлі түсті қағаздар	
<b>Бастапқы білім</b>	Математикадан факультативтік сабақтар. Математикадан кластан тыс жұмыстар	
<b>Сабақ барысы</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>

<p><b>Сабақтың басы</b> <b>Қызығушылықты ояту кезеңі</b> (5 мин)</p> <p>5 мин</p>	<p>-Амандасып, түгендеп, «Шаттық шеңбер» әдісімен сергіту сәтін жүргіземін (студенттер бір-біріне гүлді беру арқылы жақсы тілектер айтады).</p> <p>- түрлі түсті ленталармен топқа бірігеді.</p> <p>ОБ, ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ – топтар</p> <p>- «Миға шабуыл» әдісі (өткен тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап береді)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Спиральді білім беру бағдарламасының басымдықтары қандай еді?</li> <li>2. Оқу мақсаттары таксономиясы(Б.Блум бойынша)</li> <li>3. Ойлау деңгейі сұрақтар үлгілері қандай?</li> <li>4. Мақсаттарға пайдаланылатын етістіктерді атаңыз</li> <li>5. Коммуникативті оқыту ұстанымы қандай? ( тілдік дағдыларды дамыту)</li> <li>6. Мұғалім шебер сұрақ қоюшы болуы қажет, себебі?</li> <li>7. Тиімді сұрақтар қандай болады?</li> <li>8. Тиімді сұрақтар қандай сөйлемде болады?</li> <li>9. Бағалау түрлері</li> </ol> <p><b>Жаңа тақырып</b></p> <p>Мұғалімнің сабаққа дайындығы , яғни сабақ жоспарын жасау мұғалімнің жұмыс нәтижесіне, білімдарлығына педагогикалық шеберлігінің деңгейіне қарамастан, әрбір мұғалім үшін қажет. Сабақтың жоспары, тақырып жоспары, бағдарлама мазмұны негізінде, мұғалімнің оқушыларды және олардың деңгейін білуінің негізінде құрастырылады.Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына 2012, 2015 ж-ы өзгерістер енгізілді.</p>	<p>Роза гүлі</p> <p>Ленталар</p> <p>Слайд</p>
<p><b>Сабақтың ортасы</b> (40 мин)</p>	<p><b>2015 жыл</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– нәтижеге бағытталған білім беру моделі;</li> <li>– құндылықтарға бағдарлануы;</li> <li>- «Не үшін оқимын?» сұрағы аясында өрбуі;</li> <li>- күтілетін нәтиженің кең ауқымды дағдылар болуы</li> </ul> <p><b>2012 жыл</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>–білімге бағытталған білім беру моделі;</li> <li>– «Нені оқытамыз?» сұрағы аясында өрбуі;</li> <li>- оқу пәндері және “білім”, “білік”, “дағдылардың” белгіленуі.</li> </ul> <p><i>Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы) елдерінің стандарттары негізінде адам капиталының сапасын көтеруге бағытталған білім беру саласындағы 5 қадам жоспарланған. Оның 3-уі жалпы орта білім беру жүйесіне қатысты.</i></p> <p><i>76-қадам. 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, функциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту. Жоғары сыныптарда жанбасылық қаржыландыруды енгізу, табысты мектептерді ынталандыру жүйесін құру.</i></p> <p><i>79-қадам. Білім беру жүйесінде - жоғары сыныптар мен</i></p>	<p>Слайд</p>

*ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңімен көшу.*

*89-қадам. «Нұрлы Болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу.*

Орта білім берудің құндылықтары «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарына негізделген. Орта білім берудің құндылықтары ретінде:

- 1) қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;
- 2) құрмет;
- 3) ынтымақтастық;
- 4) еңбек пен шығармашылық;
- 5) ашықтық;
- 6) өмір бойы білім алу белгіленді.

(студенттерге сұрақ қоя отырып, жалғастыру)

**Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері бірнеше бөлімдерден тұратын жаңа құрылымы болып табылады:**

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Тілдік мақсаттарын жүзеге асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер;
6. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары;
7. Ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдану күзінеттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

**Оқу үдерісін жоспарлауды ұйымдастыру:**

- **ОБ** (оқу бағдарламасы)
- **ҰМЖ** (Ұзақ мерзімді жоспар)
- **ОМЖ** (Орта мерзімді жоспар)
- **ҚМЖ** (Қысқа мерзімді жоспар)
- **Тілдік мақсаттар**

(Осы жерде топ аттарына тісінік беріледі және әр топтың алдында түсінігі жазылған парақшалар мен бағдарламалар бар, соған мән береміз. Сонымен бірге әр түсіндірген соң, әр топқа қосымшалар (ҰМЖ, ОМЖ және әдіс түрлері, ҚМЖ үлгісі) таратылып беріледі:

ОБ- оқу бағдарламасы білім беру деңгейіндегі пән тұжырымдамасын, сағат санын, бағалау жүйесін, т.б. сипаттайды;

ҰМЖ – білім беру деңгейі бойынша барлық сыныптардағы пән тарауларын белгілеп, олардың жалпы ережелерін анықтайды (осы ұмж-ны айтқанда бағдарламада оқу мақсаттары 4 санынан тұратын кодтық белгімен көрсетілетін мәнге мән бере кетемін, мысалы, 5.1.3.4 дегенде, 5-сыныпты, 1.3 –1 бөлімнің 3-ші бөлімшесі, 4-оқу мақсатының реттік саны);

ОМЖ – нақты сынып бойынша пән тарауларының мақсаттары мен міндеттерін, мұғалім іс-әрекеттері мен ресурстық қолдауды егжей-тегжейлі ұсынады;

ҚМЖ – сабақ жоспарының үлгісі (жеке, дербес сабақ жоспары болып табылады. Мұғалімнің өткізген сабағының сәтті өтуі осы қысқа мерзімді жоспарының дұрыс құрылғандығына байланысты. Қысқа мерзімді жоспарды жоспарлауда оқудың әрбір кезеңінен бастап, сабақтың соңына дейін оқушылардың қажеттіліктерін ескеру керек) (Сұрақ қою: SMART мақсат дегеніміз не еді?)

Жауап:

**S-specific-** нақты

**M-measurable-**өлшемді

**A-attainable-** қол жетімді

**R-realistic, result-oriented, relevant-** шындыққа негізделген.

Яғни қойылған мақсатқа жете алатындай.

**T-time-bound-** уақытпен шектеулі

**«Маған айтып берсең-ұмытып қаламын, көрсетсең-есімде сақтаймын, өзіме жасатсаң үйренемін»**



Конфуций айтқандай, енді әр топ 5 сынып математикасы бойынша бір тақырыпқа қысқа мерзімді жоспар құрып, постер қорғайды.



**Оқыту жоспарын қалай жазу керек**

**қадамдық алгоритм**

1. Мақсаты, нәтижесі.
2. Тақырыпты анықтау: «».
3. Тақырыптық модульдер – әдістерді сипаттаймыз.

4. Модульдерді уақыт бойынша бөліп есептейміз.
5. Әдістердің топ қарқынына сәйкестігін тексереміз.
6. Жаттығуларға, ойындарға және басқаларына арналған нұсқауларды ойластырамыз.
7. Ширату жаттығуларын таңдаймыз.
8. Ширатудан тақырыпқа көшетін «көпір» ойлап табамыз.

**Сабақтың соңы**  
**Қорытындылау**  
**кезеңі**  
**(5 мин)**

## Студенттер алдарындағы сабақ жоспарының шаблонуы бойынша қмж жасайды.

### Сабақ жоспарының шаблонуы

Пән:	Мектеп:
Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:
Сынып:	Қатысқандар саны:
	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	
Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	Оқу бағдарламасынан көшіріледі
Сабақ мақсаттары (SMART-мақсат)	Сабақ мақсаттарын анықтап аласыз. Олар оқу мақсаттарымен (ОМ) бірдей болуы немесе ОМ ұзақ мерзімді сипатта болса, нақты осы сабаққа бейімделген болуы мүмкін (ОМ қол жеткізу үшін бірнеше сабақ қажет болған жағдайда) <b>Барлық оқушылар:</b> (нені біледі, т.б.; саралап жазу керек) <b>Көптеген оқушылар:</b> (заттарды атайды, сипаттайды) <b>Кейбір оқушылар:</b> (атайды, сипаттайды, салыстырады, тұжырымдайды)

Бағалау критерийлері	Формативті (қалыптастырушы) бағалау (ФБ) бойынша мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулықтар құжатынан таңдап алынған ОМ үшін бағалау критерийлерін көшіріп алыңыз. ФБ үшін таңдап алынбаған ОМ үшін бағалау критерийлерін өзіңіз құрастырыңыз.
Тілдік мақсаттар (ОМЖ-дан алынады, термин, фразалар)	Тілдік емес пәндер үшін құрастырылады Тілдік мақсаттарды, лексика мен тіркес мысалдарын қоса анықтаңыз Пәнге тән лексика мен терминология Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер.
Құндылықтарды дарыту	Осы сабақта балалардың бойына сіңіруге арналған кіріктірілген оқу бағдарламасындағы құндылықтар мен ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды көрсетіңіз. Құндылықтарды дарыту ... арқылы / көмегімен жүзеге асады (іс-әрекетті және/немесе тақырып мазмұнын сипаттау).
Пәнаралық байланыстар	Ықтимал пәнаралық байланысты әріптесіңізбен талқылаңыз немесе дереккөздерге жүгініңіз. Сабақта пәнаралық кіріктіріту қалай жүзеге асырылатынын көрсетіңіз (іс-әрекет және/немесе мазмұн арқылы)
АКТ қолдану дағдылары	Осы сабақта оқушылар АКТ дағдыларын дамыта алатынын көрсетіңіз (презентация, видео, т.б.)
Бастапқы білім	Оқушылар бастапқыдан нені біледі немесе осы сабақ алдында олар нені білуі керек? (негізгі ұғымдар, фактілер, формулалар, теориялар) Бұрыннан бар білімді қалай белсендендіре аласыз?

### Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (психологиялық ахуал)	Сабақ басында: -оқушылардың зейінін шоғырландыруға -оқушылармен бірге сабақ мақсаттарын /ОМ анықтап алуға -оқушылардың «жақын даму аймағын», сабақ соңында күтілетін нәтижелерді анықтауға көңіл бөлу қажет.	
Сабақтың ортасы (тапсырмалар)	Сабақ мақсатына орай бар білімдерді қалыптастыру мен дағдыларды дамытуға бағытталған іс-әрекет. Іс-әрекет басында ақпаратты талдау және өңдеу, зерттеу, практикалық жұмыс, проблемалық жағдаяттарды шешу арқылы оқушылардың бойында білім мен дағдылар қалыптасады және дамиды	
Сабақтың соңы (рефлексия)	Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді: -нені білдім, нені үйрендім -нені толық түсінбедім -немен жұмысты жалғастыру қажет  Оқушылар өздерінің жұмысы мен сыныптастарының жұмысын белгілі бір критерийлер бойынша бағалай алады	

<p><b>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</b></p>	<p><b>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</b></p>	<p><b>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</b></p>
<p>Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарнердің жиындық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін. Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез келген кезеңінде қолданыла алады.</p>	<p>Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс – тәсілдеріңізді жазасыз.</p>	<p>Денсаулық сақтау технологиясы. Серпінді сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары.</p>
<p><b>Сабақ бойынша рефлексия</b></p> <p>Бұл бөлімде сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сәт жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p> <p><b>Жалпы баға</b></p> <p><b>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту және оқуға қатысты)?</b></p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p><b>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту және оқуға қатысты)?</b></p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p><b>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</b></p>		

**Рефлексия**

**«Бес саусақ» әдісі**



**Кері байланыс**

**Орған терек – ойлану.**  
Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

**Шұлақпа қызық – танып-білім.**  
Сабақ барысында қандай қызық болды?

**Қиындық – ойлау.**  
Мен өзімді сабақта қандай сезіндім?



Бағалау – 3 шапалақ

